

Ақмола облысы Бурабай ауданы Златополье ауылдық округі Первомай ауылының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы Златополье ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 5903 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Златополье ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Бурабай ауданы Златополье ауылдық округі Первомай ауылының көшелері қайта аталсын:

1) Интернациональная көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне;

2) Октябрьская көшесі Тәуелсіздік көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Златополье ауылдық
округінің әкімі*

С.Сипульдин